ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 22 мамыр № 4712-25-00-2/1358 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Мамандандырылған IT лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Maximum LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
тұрақсыздық айыбын өндіру
аванс сомасын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Мамандандырылған IT лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Maximum LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Maximum LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 658 (алты жүз елу сегіз) теңге 56 (елу алты) тиын

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 22.05.2025
Заңды күшіне енген күні: 24.06.2025, судья Аташева А. О., 24.06.2025
4712-25-3-1/1168

тұрақсыздық айыбы, 9 408 (тоғыз мың төрт жүз сегіз) аванс сомасы, 2 570 (екі мың бес жүз жетпіс) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 22.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.06.2025, судья Аташева А. О., 24.06.2025